

Метербаева К.М.¹, Жәнәбілова Ү.А.²

^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университет
Алматы, Қазақстан

ОЙЫН АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР ТІЛІНІҢ ДЫБЫСТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл ғылыми мақалада мектеп жасына дейінгі балалар тілінің дыбыстық мәдениетін ойын арқылы тәрбиелеудің педагогикалық ерекшеліктері қарастырылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілінің дыбыстық мәдениетін арттыруда ұйымдастырылған оқу қызметі арқылы ойындарды тиімді пайдалану жолдары көрсетілген. Тілдің дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеуде басшылыққа алынатын әдістемелік ұстанымдарды көрсете отырып, оларға сипаттам берілген.

Сөйлеуді қалыптастырудың басты алғышарттары нақтыланып, олардың дыбыстық мәдениетін тәрбиелеудегі маңызы анықталған. Ойын арқылы ұйымдастырылған түрлі іс-әрекеттер бала тілінің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеудің тиімді құралы болатыны көрсетілген. Сондай-ақ, тілдің дыбыстық жағын қалыптастыру, балабақша жағдайында жүзеге асырылатын формалары сипатталған. Сонымен қатар, сөйлеуді қалыптастырудың басты алғышарттары нақтыланып, олардың дыбыстық мәдениетін тәрбиелеудегі маңызы анықталған.

Түйін сөздер: ойын, дыбыс, дыбыстық мәдениет, талаптар, ерекшеліктер, орфоэпиялық дағдылар

Meterbaeva K.M.¹, Zhanabilova U.A.²

^{1,2} *Kazakh national women's pedagogical University
Almaty, Kazakhstan*

PEDAGOGICAL FEATURES OF EDUCATION OF SOUND CULTURE OF SPEECH OF PRESCHOOL CHILDREN THROUGH THE GAME

Abstract

This article discusses the pedagogical features of education in preschool children sound culture of speech through play. In order to improve the sound culture of speech of preschool children, the ways of effective use of games in organized educational activities are revealed. Methodological approaches in the education of sound culture of speech are revealed and analyzed. In addition, the main prerequisites for the formation of speech are specified, their importance in the education of sound culture is determined. Various activities organized through play are an effective means of educating the sound culture of the child's speech. The authors propose forms of work on the formation of sound culture of speech, which are implemented in a kindergarten. In addition, the main prerequisites for the formation of speech are specified, their importance in the education of sound culture is determined.

Keywords: game, sound, sound culture, requirements, features, spelling skills

K.M.Meterbaeva¹, Zhanabilova U.A.²

^{1,2} *Kazakh national women's pedagogical University
g. Almaty, Kazakhstan*

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ВОСПИТАНИЯ ЗВУКОВОЙ КУЛЬТУРЫ РЕЧИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ЧЕРЕЗ ИГРУ

Аннотация

В данной статье рассматриваются педагогические особенности воспитания у детей дошкольного возраста звуковой культуры речи через игру. В целях улучшения звуковой культуры речи детей

дошкольного возраста раскрываются пути эффективного использования игр в организованной учебной деятельности. Раскрыты и проанализированы методические подходы в воспитании звуковой культуры речи. Кроме того, уточняются основные предпосылки формирования речи, определено их значение в воспитании звуковой культуры.

Различные виды деятельности, организованные через игру, являются эффективным средством воспитания звуковой культуры речи ребенка. Авторами предложены формы работы по формированию звуковой культуры речи, которые реализуются в условиях детского сада. Кроме того, уточняются основные предпосылки формирования речи, определены их значение в воспитании звуковой культуры.

Ключевые слова: игра, звук, звуковая культура, требования, особенности, орфоэпические навыки

Қазіргі талап - әрбір балаға сапалы да терең білім беру. Сондықтан да мектепке дейінгі ұйымдарда оқу қызметін ұйымдастыруда әртүрлі педагогикалық әдіс-тәсілдермен жүйелі түрде балалардың шығармашылық ойлауын дамытып, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларға білім беру субъектісі ретінде, оларды ойын технологиялары арқылы дамыту, білім беру, тәрбиелеу. Тұлға педагогикалық субъект ретінде меңгерілетін, қалыптасатын, білім мазмұнына ендірілетін, қызметтік формаға ие болатын адам тәжірибесі. Білім беру саласында балалардың білімді игеруге деген құлшынысын арттыру үшін ойындарды тиімді пайдалану тәрбиешілер мен балалардың мүмкіндіктерін кеңейтіп, ұйымдастырылған оқу қызметіне қызығушылықтары артып, әр ойын барысында балалар тілінің дыбыстық мәдениетіне көңіл бөлінеді.

Дыбыстық мәдениетке тәрбиелеу кезінде тек қана дыбыстарды дұрыс айтуға мән бермеуі керек. Дыбыстың дұрыс айтылуын қалыптастыру дыбыстық мәдениеттің бөлімі болып табылады. Тәрбиеші балаларға сөйлеу кезіндегі дұрыс тыныс алу, қазақ тіліндегі барлық дыбыстарды дұрыс дыбыстауға, анық сөйлеуге, дауысты дұрыс қолдануға, балаларға асықпай, ырғақты, анық сөйлеуге үйретеді. Сонымен қатар тәрбиеші балалардың дыбыстық мәдениетін қалыптастыру кезінде логопедиялық тәсілдерді пайдаланады, логопед сияқты да, сөзді түзетуден басқа, сөйлемнің жетіспеушілігін ескертетін бағытта да жұмыс жасайды. Дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу тіл дамытудың сөздік қор, байланыстырып сөйлеу сияқты өзге де бөліктерімен бірге жүзеге асады.

Дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу жан-жақты жүреді, ана тілін дұрыс меңгеруді, сөзді анық айтуды, әрі таза дыбыстауды, дұрыс тыныс алуды және де дауыс күшін пайдалана білуді, орташа сөйлеу қарқыны және әр түрлі ойын жеткізетін құралдарды (әуенін, логикалық үзіліс, қарқыны, ырғағы) білдіреді [1]. Дыбыстау мәдениетінің қалыптасуы дыбыстау мүшелеріне тікелей байланысты. Өйткені бала ойын ойнау арқылы тілдік қарым-қатынас орнатады. Қарым-қатынас барысында тілдің дыбыстау мәдениеті орфоэпиялық дағдылар негізінде қалыптасады.

Орфоэпиялық дағдылардың қажеттілігі тек сөйлеумен шектелмейді. Егер тыңдаушының дұрыс қалыптасқан фонетикалық дағдылары болмаса, онда ол тыңдағаны мен естігенін дұрыс түсіне алмайды. Оның себебі, адам басқа біреудің сөзін тыңдағанда, өз санасындағы дыбыс жүйесімен салыстыра отырып, сөз сөйлемнің мәнін, ойын таниды, түсінеді. Демек, фонетикалық дағдылар тек сөйлеу үшін ғана емес, басқаның сөзін тыңдап-түсіну үшін де үлкен рөл атқарады.

Балалардың сөйлеуін қалыптастыру үдерісі оқытудың жалпы дидактикалық және әдістемелік ұстанымдарын ескеру арқылы құрылады. Әдістемелік ұстанымдар ана тілін оқытудың спецификасын көрсетеді, қолжетерлік, көрнекілік, жүйелелік, бірізділік, саналылық, белсенділік, оқытуды дараландыру сияқты жалпы дидактикалық принциптер жүйесін толықтырады, өзара әрекеттеседі. Әдістемелік принциптер бір-бірімен өзара байланысты болады [2].

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік дамуының мәселелері мен ойнау негізінде, дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеуде төмендегідей әдістемелік ұстанымдарды басшылыққа алуға болатындығын көрсетеміз:

- Тіл дамытудағы коммуникативті-әрекеттік тұғыр ұстанымы. Аталған принцип тілді қарым-қатынас үшін қолданудан құралатын іс-әрекет ретінде түсінуге негізделеді. Ол балабақшада балалардың сөйлеуін дамытудың мақсаттарынан туындайды - тілді қарым-қатынас және таным құралы ретінде дамыту және ана тілін оқыту үдерісінің практикалық бағыттылығын көрсетеді. Аталған принцип басты принциптердің бірі болып табылады, себебі тіл дамыту жұмысының барлық стратегиясын анықтайды. Оны жүзеге асыру балалардың сөйлеуін қарым-қатынас құралы ретінде дамытуды және қарым-қатынас үдерісінде, іс-әрекеттің алуан түрлерінде дамытуды қамтиды.

- Тіл құбылыстарын қарапайым саналы ұғынуды қалыптастыру ұстанымы. Бұл принцип тілді меңгеру негізіне, имитация, ересектерге еліктеу ғана емес, сонымен бірге тілдің құбылыстарын бейсаналы тұрғыда жалпылауды негізге алатынымен айқындалады. Балаға тек қайталауға ғана емес, сонымен бірге жаңа тұжырымдарды құруға мүмкіндік беретін, тілдік мінез-құлық ережелерінің ішкі жүйесі құрылады.

- Тілдік іс-әрекет мотивациясын байыту ұстанымы. Тілдің іс-әрекеттің құрылымындағы маңызды компонент ретіндегі мотивке сөйлеудің сапасы және соңғы нәтижесінде оқытудың жетістігі байланысты болады. Сондықтан, балалардың тілдік әрекетінің мотивтерін оқыту үдерісінде байытудың үлкен мәні бар. Күнделікті қарым-қатынаста мотивтер баланың алған әсерлеріндегі, белсенді іс-әрекеттегі, танылу мен қолдаудағы табиғи қажеттіліктерімен анықталады.

Оқыту үдерісінде көп жағдайда қарым-қатынастың табиғилығы жоғалады, сөйлеудің табиғи коммуникативтілігі төмендейді: педагог балаға сұраққа жауап беруді ұсынады, ертегіні баяндауды ұсынады, бірнәрсені қайталауды сұрайды. Мұнда баланың осы әрекеттерді істеу қажеттілігінің болатыны есепке алынбайды. Психологтар тілдің жағымды мотивациясының болуы оқу іс-әрекетінің нәтижелілігін арттыратынын атап көрсетеді. Мұнда маңызды міндеттер ретінде педагогтың оқыту үдерісінде баланың әрбір әрекеті үшін жағымды мотивация құру, сонымен бірге, қарым-қатынас қажеттілігін туындататын ситуацияларды ұйымдастыру алынады. Бұл жерде балалардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет, баланың тілдік белсенділігін ынталандыратын және шығармашылық тілдік біліктерді дамытуға ықпал ететін алуан түрлі, бала үшін қызықты тәсілдерді қолдану қажет.

- Сөйлеудің белсенді тәжірибесін қамтамасыз ету ұстанымы. Бұл ұстаным тілдің оны қолдану үдерісінде, тілдік тәжірибе барысында меңгерілетіндігіне негізделеді. Сөйлеу белсенділігі баланың тілдік дамуының негізгі шарттарының бірі болып табылады. Өзгермелі жағдайларда тілдік құралдарды қолданудың қайталануы, берік және сенімді дағдыларды қалыптастыруға, жалпылауды меңгеруге мүмкіндік береді. Сөйлеу белсенділігі – бұл айту, тыңдау ғана емес, сонымен бірге сөйлеуді қабылдау. Сондықтан, балаларды педагогтың сөйлеуін белсенді қабылдауға және түсінуге үйрету маңызды. Сабақтарда барлық балалардың сөйлеу белсенділігін қамтамасыз ететін алуан түрлі факторларлы қолдану қажет: эмоционалды-жағымды фон; субъект-субъектілі қарым-қатынас; жеке бағытталған тәсілдер; көрнекі материалды, ойын тәсілдерін кең қолдану; іс-әрекет түрлерін алмастыру; жеке тәжірибеге бағытталған тапсырмалар және т.б. Осы принципті ұстану, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде, іс-әрекеттің алуан түрлерінде барлық балалардың тілдік тәжірибесі үшін жағдай жасауға міндеттейді.

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бағдарламаларында ауызша тіл дамытудың сөздік қор, сөздің грамматикалық құрылысы, дыбыстарды дұрыс айту сияқты барлық құрамдас бөліктері қарастырылады.

Сөздік қор, сөздің грамматикалық құрылысы тек мектепке дейінгі кезеңде ғана емес, мектептегі оқыту үдерісінде дамытылады және жетілдіріледі. Дыбыстарды дұрыс айту балада негізінен 5 жасқа дейін қалыптасады. Сондықтан да ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс айтуға тәрбиелеу мектепке дейінгі кезеңде аяқталу керек. Дыбыс сөздегі мағыналық бірлік – фонема болғандықтан, балаларды дұрыс дыбыстауға тәрбиелеу жұмысы тілін дамыту жұмысымен ажырамастай байланыста жүргізіледі.

Баланы тілдің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу мектепке дейінгі ұйымдағы тіл дамыту міндеттерінің ең бастысы, өйткені мектепке дейінгі кезең бұл міндетті шешуде өте сензитивті.

Дыбыстау мәдениетін тәрбиелеу мәселесін дұрыс шешу үшін мектепке дейінгі кезеңде дыбысты дұрыс айтуды меңгерудің анатомио-физиологиялық және психологиялық алғышарттарын қарастырудың маңызы зор. Сөйлеу орталық және перифериялық органдардан тұратын күрделі анатомио-физиологиялық аппараттың қызметімен іске асады. Барлық сөйлеу мүшелері мидың басқаруымен тығыз байланысты және өзара әсер етеді. Дыбысты айту үдерісі тыныс алу мен сөйлеу аппараты қызметінің негізінде іске асатыны белгілі.

Осыған сәйкес, мектепке дейінгі кезеңде дыбыстарды таза айтуды меңгертудің басты алғышарты тілдің дыбыстық жағын ерекше қабылдағыштығы және балалардың тіл дыбыстары мен оларды меңгеруге ұмтылысымен бірге есту анализаторы мен фонематикалық естуінің сәйкесті дамуы болып табылады.

Сөйлеуді қалыптастырудың басты алғышарттарының бірі баланың еліктеуге қабілеттілігі. Тілдің фонетикалық жағын бала айналасындағы үлкендердің сөзін қайталау арқылы меңгереді. Көптеген зерттеушілер баланың тілдік еліктеушілігін атап айтқан.

Сонымен, мектепке дейінгі кезеңде тілдің дыбыстық жағын жақсы меңгерудің барлық алғышарттары бар. Оған ми қабығының, сөзді фонематикалық қабылдауының, сөйлеу аппаратының сәйкесті дамуын жатқызуға болады. Сөздің дыбыстық құрамын меңгеруіне мектепке дейінгі жастағы баланың жүйке жүйесінің жоғары созылмалылығы (пластикалылығы), тым еліктегіштігі, тілдің дыбыстық жағын ерекше қабылдағыштығы, баланың тіл дыбыстарына сүйіспеншілігі сияқты ерекшеліктері мүмкіндік жасайды.

Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, мектепке дейінгі жас ана тілінің барлық дыбыстарының толық қалыптасуына өте ыңғайлы.

Бес жасқа қарай ана тілінің барлық дыбыстарын айтуды меңгеру, балалардың тілін дамытуды дұрыс ұйымдастырғанда ғана мүмкін болады. Мақсатты бағытталған тұрғыда оқыту, соған сәйкес әдістемені қолдану, балаларда бар алғышарттарды жүзеге асыру үшін жағдай жасайды. Тілдің дыбыстық жағын қалыптастыру, балабақша жағдайында екі формада жүзеге асырылады: ұйымдастырылған оқу қызметі формасында және одан тыс еркін іс-әрекеттерде тілдің дыбыстық мәдениетінің барлық жақтарын тәрбиелеу формасында.

Дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу бойынша жалпы топтық ұйымдастырылған оқу қызметін айына 1-2 рет жүргізіледі. Бұдан басқа, жеке жаттығулар тіл дамыту бойынша басқа ұйымдастырылған оқу қызметіне енгізіледі, сонымен бірге, музыкалық оқу іс-әрекетіне, гимнастикаға және қозалыс ойындарына енгізіледі. Ұйымдастырылған оқу қызметінің саны балалардың сөйлеуін дамыту деңгейімен анықталады.

Педагогикалық зерттеулер сөйлеудің әртүрлі жақтарын меңгерудің ерекшеліктерін, оқытудың мазмұнының, әдістері мен тәсілдерінің мақсаттылығы мен қолжетерлік дәрежесін анықтауды түсінуге мүмкіндік берді.

Балалардың рухани дүниесін ізгілендіруде, рухани дамытуда ойындарды кеңінен қолдануға болады. Себебі, ойындар ойнау барысында балалар өздерін еркін сезінеді, өз ойларын қысылып-қымтырылмай жеткізеді. Мұның өзі балалардың жеке тұлғалық, қасиеттерінің дамуына, рухани жан-дүниесінің толысып тіл байлығының жетілуіне ықпал етеді.

Балабақшада ұйымдастырылған оқу қызметінде ойындарды тиімді қолданы отырып, балалардың жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, тілін дамыту қажет. Өйткені балалар ойын кезінде өздерін еркін сезініп, ұжымды сыйлауға, өз ой-пікірін дәлелдеуге, байланыстырып сөйлеуге үйренеді. Сонымен қатар, ұлттық педагогика негіздерімен балаларды үйрету арқылы олардың олардың өз халқын сыйлауға, туған тілін құрметтеуге үйретеді. Бұл балалардың бір-бірімен қарым-қатынас кезінде өзара кішіпейілділікпен қарауды, әдеп сақтауды, сыпайы сөйлесуді қалыптастырады, тіл мәдениеті жетіледі.

Ойындары оқыту мен тәрбие құралына айналдыру үшін бір қатар әдістемелік талаптардың қатаң сақталуы тиіс [3]:

1. Тәрбиеші ойындардың неғұрлым көп түрін білуі тиіс.
2. Ойындарды балалардың жас ерекшеліктеріне және қызығушылығына байланысты іріктей білу.
3. Ойын ережесін жете білуі және балаларға да түсінікті етіп жеткізу.
4. Барлық ойындардың тәрбиелік мақсатын анықтап алу.
5. Ойын барысында ережені сақтауды қатаң түрде қадағалау.

6. Ойынға арналған құрал-саймандарды даярлау. Қажет болған жағдайда өз қолымен даярлау немесе басқа құралдармен алмастыру.

Аталған талаптар дұрыс орындалса балалардың ойын арқылы тілдің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеуде төмендегідей ерекшеліктері анықталады:

- 1) Ойынды пайдалану негізінде балалардың ауызша сөйлеу дағдысын оның негізгі компоненттерін ретімен дамыта отырып тәрбиелеу;
- 2) Артикуляциялық аппаратты дамыту;
- 3) Ойнау кезіндегі сөздерді еркін сөйлеу үшін тыныс алумен жұмыс жасау, қысқаша тыныс алу мен ұзақ тыныс шығаруға бейімдеу;
- 4) Дауыс жиілігін, дауыс қарқынын қарым - қатынас кезіндегі талаптарға сәйкес тәрбиелеу;
- 5) Ана тіліндегі барлық дыбыстарды дұрыс дыбыстауға тәрбиелеу;
- 6) Әрбір дыбысты анық әрі таза дыбыстауға және жақсы сөйлеу мәнеріне тәрбиелеу;
- 7) Тыңдаушыға түсінікті жеткізе алуға, сөзді созбай немесе тоқтап сөйлеуден аулақ етіп, қалыпты сөйлеу қарқынын қалыптастыру.

8) Сөздің интонациялық анықтығына тәрбиелеу, яғни тыңдаушыға сөйлемді дұрыс жеткізу, сезімін және көңіл-күйін логикалық үзіліс, екпіні, әуені, қарқыны, ырғақ, дауыс нақышы арқылы білдіру. Қорыта келгенде, дауыс тонын жоғарылату және төмендету, дауыс қаттылығын күшейту және төмендету, сөздің екпінін жылдамдату және баяулату, жеке сөз немесе сөз тіркестерінде кідірісті пайдаланып, ерекшелеп, қызу – экспрессивті түске бояуды қамтамасыз етеді. Ырғақ арқылы сөйлеуші өзінің айтып жатқан сөзіне деген ойын және көзқарасын білдіреді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Метербаева К.М., Исакова А.Т. *Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі.* – Астана, Фолиант баспасы, 2017. – 184 б.
2. Короткова Э. П. *Принципы обучения речи в детском саду.* – Ростов-на-Дону, 2005
3. Швайко Г.С. *Игры и игровые упражнения для развития речи.* – Москва: Просвещение, 2008. – 63 с.

МРНТИ 14.23.05

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.65>

А.Е. Манкеш¹ Ж.К. Даулетбаева²

^{1,2} *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Аңдатпа

Мақалада ғылыми дереккөздердің негізінде «жаратылыстану», «зерттеу» «ғылыми – зерттеушілік» ұғымдарына отандық және шетелдік авторлардың берген анықтамалары бойынша талдау жасалынған. Мектеп жасына дейінгі балалардың жаратылыстану ұйымдастырылған оқу қызметіндегі зерттеушіліктерін дамыту туралы ақпараттар ұсынылады. Соңғы кезде ғылыми білімді қажет ететін жағдаяттарды көптеп кездестіреміз, сол себепті мектепке дейінгі ұйымдардан бастап ғылымды қарапайым түсініктермен таныту қажеттігі туындап отыр. Жаратылыстануды оқытуға балалардың қисынды ойын дамытудың құралы ретінде қарап. Мектепке дейінгі ұйымдарда жаратылыстану мен экологияны оқытуды ұсына отырып, баланың ақыл-ойын дамытуда жаратылыстану пәнінің маңыздылығы көрсетілген. Сол арқылы табиғат заңдылықтарын меңгеріп қана қоймай, оны өзіне қызмет етуге бейімдейді, осының негізінде жаратылыстанудан алатын ғылыми ұғымдар үнемі баланың ақыл-ойын дамытуға көмектесетіндігі жөнінде тұжырымдар жасалған. Жаратылыстану ғылымы туралы педагог - ғалымдар мен практиктердің жүргізген психологиялық-педагогикалық зерттеулерінің нәтижелері туралы мәлімет беріле отырып, мектепке дейінгі білім беруде осы зерттеулерді қолдану балалардың ойлауының қазіргі заманғы талаптарға сай әрі қарай дамуына негіз бола алатыны жөнінде дәлел келтірілген.

Түйін сөздер: Жаратылыстану, зерттеу, зерттеу қабілеті, ғылыми зерттеушілік, мектеп жасына дейінгі балалар, іс-әрекет, ақыл-ой

Mankesh A.E¹ Dauletbayeva Zh.K²

^{1,2} *Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan*

THE DEVELOPMENT OF RESEARCH IN PRESCHOOL CHILDREN ON A NATURAL BASIS

Abstract

In the article analyzes the concepts of "natural science", "research" and "scientific research" based on scientific sources based on definitions given by domestic and foreign authors. It provides information on the